

Бақұл бол, бауырым

Қадірлім-ай! Сен үнемі ұлы даланы аңсап жүрмін, сағынамын деуші едің-ау. Телефонмен тіл қатысқанда "Оу, Арқаның исі аңқып тұрғанын-ай " деп тұщынатынсың. Даланың Ақселеуі боп туып, Ұлы Даланың Ақселеуі, арманшыл пәк селеуі боп желбіреп өте бердің -ау бұл жалғаннан.

Қытымыр заманның өзінде бабалардың көзіндей дала толы күмбездерді күмбірлетіп, есін енді жия бастаған елді де, елең еткен жастарды да азаттықтың туына шақырып едің.

Сенің "Зердеңнен" адасуға жақын қалған ұрпақ ата-бабаның ізін көрген. Сөніп бара жатқан қазақтың күйлеріне бас ие болып, даланы домбыраның қос шегінің әуенімен тербедің.

"Қазақтың ауызша тарихы" деп бүкіл бір академияның жұмысын жалғыз атқарып шыққан бауырым сен едің.

Қимас досым-ай! Сен де мәңгілікке сапар шегіп кеттің. Бақұл бол, бауырым.

**Кәмел қажы ЖҮНИСТЕГІ.
жазушы.**